

ЖАСЫЛ АЛМАТЫ

«БАУМ» ТОҒАЙЫ

жанданады

6

БАС ЖОСПАР

МЕГАПОЛИСТІҢ

БЕС АЙМАҒЫ

8

2023: ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

АЛМАТЫ

ҮЗДІК АТАНДЫ

12

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

Берік УӘЛИ:

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҰСЫНҒАН БАРЛЫҚ

БАСТАМА ЕЛ ИГІЛІГІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ

AKORDA

ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

ӘДІЛЕТТІ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ

БАҒЫТ-БАҒДАРЫ

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №156 (6449) 28 желтоқсан, бейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

КЕЛ, ЖАҢА ЖЫЛ!

Алматыда Президенттің жаңажылдық шыршасы өтті

Жаңа жыл қарсаңында мерекені асыға күтетін балаларға арналған Президент шыршасын ұйымдастыру дәстүрге айналған.

Алматыда өткен «Жаңа жыл елімізді аралауда» Президент шыршасына 300-ден астам бала қатысты. Олардың қатарында жетім балалар, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар мен аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан балалар бар. Мерекелік іс-шараға оқуда, спортта және шығармашылықта жетістікке жеткен дарынды балалар да шақырылды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан шырша қонақтарын Алма-

ты қаласының әкімі Ерболат Досаев құттықтап, балаларға зор денсаулық, табыс және жаңа жылда барлық ниет-армандарының орындалуын тіледі.

Концерттік бағдарлама «Жаңажылдық сикыр» музыкалық-интерактивті шоу-спектаклі болды. Спектакльдің ажырамас бөлігі Еркеш Хасеннің орындауында «Жаңа жыл» әнінің орындалуы мен балалардың шыршаны айналып, осы әнді қосыла айтулары арқылы Шыршаның жағылуы, Аяз Ата мен Ақшақар-

дың, 2024 жылдың символы – айдаһар мен танымал мультфильмдер мен аниматорлар, кейіпкерлер болды.

Айта кетерлігі, биыл шыршаның төменгі бөлігіне ойыншықтар ілінбеді. Жасыл шыршаны балалар өздері безендірді.

Іс-шара соңында барлық қонақтар Қазақстан Республикасы Президентінің атынан жаңажылдық сыйлықтар алды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

28.12.2023

Түнде:

0, -2 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (жаңбыр, қар), тұман, көктайғақ.

Күндіз:

+5+7 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:

2-7 м/с

29.12.2023

Түнде:

0, -2 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (жаңбыр, қар).

Күндіз:

+2+4 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (жаңбыр, қар).

Желдің жылдамдығы:

0-5 м/с

www.almaty-akshamy.kz

9 772223 237006



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҰСЫНҒАН БАРЛЫҚ


2023: БАЯНДЫ БАСТАМАЛАР ЖЫЛЫ

– Берік Уәлиұлы, биыл Президент халыққа арнаған Жолдауында Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдарын айқындап берді. Жалпы, Мемлекет басшысы қандай мәселелерге баса назар аударды?

– Ең алдымен, баршаңызды келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын! Әділетті Қазақстанды құру жолында маңызды саяси-экономикалық реформалар жүзеге асырылып жатыр. Осы орайда биыл Мемлекет басшысы қоғамда Заң мен Тәртіп үстемдігін орнатуға, әділдікке негізделген жаңа экономикалық үлгіге көшуге, халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға, бәсекеге қабілетті ел болуға, сапалы ұлт қалыптастыруға бағытталған көптеген бастама көтерді. Мысалы, Қасым-Жомарт Кемелұлы биылғы Жолдауында жаңа экономикалық саясаттың негізгі бағыт-бағдарын айқындап, Үкімет пен жергілікті атқарушы билікке ел экономикасының жыл сайынғы тұрақты өсімін 6-7 пайызға жеткізу, 2029 жылға қарай ұлттық экономика көлемін екі есе ұлғайту, еліміздің байлығы мен табысын халқымыздың арасында әділ бөлу міндеттерін жүктенді. Еліміздің 5-6 жылдағы даму траекториясын айқындайтын бұл Жолдау міндеттерінің сәтті орындалуына тек билік ғана емес, жалпы халық та, іскерлік орта да мүдделі болуға тиіс. Осы себепті таяуда ғана Президент отандық бизнес өкілдерін жинап, олардың ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Еліміздің макроэкономикалық саясаты, оның ішінде жаңадан әзірленіп жатқан Салық кодексі, экономиканың шикізаттық емес секторларын дамыту жөнінде мазмұнды да сындарлы пікір алмасу болды.

98 ЗАҢ, 344 ЖАРЛЫҚ, 91 ӨКІМ

– Осы міндеттерді орындау үшін, алдымен, нормативтік-құқықтық актілер қабылдануға тиіс екені белгілі. Биыл Президент қандай маңызды Заңдарға, Жарлықтарға қол қойды?



– Қасым-Жомарт Кемелұлының тапсырмасымен бірқатар маңызды заңдар әзірленіп, күшіне енді. Мемлекет басшысы биыл жалпы 98 заңға, 344 Жарлыққа, 91 Өкімге қол қойды. Бір қызық фактімен бөлісе кетейін. Президент жылдың алғашқы күні де жұмысқа шығып, «Агломерацияларды дамыту туралы» Заңға қол қойған екен. Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе сияқты халқының саны 500 мыңнан асатын шаһарлардың айналасындағы елді мекендерді дамыту үшін бұл заңның мән-маңызы зор.

Бұдан бөлек, «Ұлттық қор – балаларға» бастамасын іске асыратын тиісті Заңға қол қойды. Келесі жылдан бастап Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық кірісінің 50 пайызы еліміздің кәметке толмаған азаматтарының бәріне теңдей бөлінетін болды. Президенттің тікелей бастамасымен әзірленіп, күшіне енген нормативтік-құқықтық актілердің бірі – «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Заң. Мұның бәрі еліміздің байлығын халық арасында әділ бөлуге негізделген маңызды қадамдар деп айтуға болады. Себебі, қайтарылған активтердің есебінен ел өңірлерінде әлеуметтік, инфрақұрылымдық нысандар салынып жатыр, яғни қаржы халықтың мұқтаждығына жұмсалады. Сонымен қатар құқық қорғау саласын, соның ішінде прокуратура мен сот жүйесін күшейтуге, Конституциялық сот органын құруға бағытталған бірқатар Заң қабылданды.



БАСТАМА ЕЛ ИГІЛІГІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЯСАТ

2023 жылғы I жартыжылдықтың қорытындысы бойынша шетелден

13,3 МИЛЛИАРД ДОЛЛАР КӨЛЕМІНДЕ ТІКЕЛІЙ ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТЫЛДЫ.



Қазақстан экономикасына инвестиция салған елдердің алғашқы ондығы:

- Нидерланд – 3 млрд доллар;
- АҚШ – 1,9 млрд доллар;
- Швейцария – 1,7 млрд доллар;
- Ресей – 1,1 млрд доллар;
- Қытай – 748,3 млн доллар;
- Оңтүстік Корея – 717 млн доллар;
- Бельгия – 585,3 млн доллар;
- Франция – 458,4 млн доллар;
- БАӘ – 408,7 млн доллар;
- Люксембург – 238,5 млн доллар.

ХАЛЫҚТЫҢ ТҮРМЫС САПАСЫН АРТТЫРУ

2020 жылдан бастап медицина қызметкерлерінің жалақысы жыл сайын артып келеді.

ДӘРІГЕРЛЕРДІҢ ЕҢБЕКАҚЫСЫ **ОРТА МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖАЛАҚЫСЫ**
30% **20%**

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛАҚЫСЫ 2022 ЖЫЛДАН БАСТАП 23% өсті.

2025 жылға дейін мәдениет және мұрағат ісі ұйымдары қызметкерлерінің еңбекақысын жыл сайын лауазымдық жалақының белгіленген мөлшеріне сәйкес 100 пайыз арттыру жоспарланып отыр.



НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯ

2023 жылғы қаңтар-қазан айларында негізгі капиталға салынған инвестиция – **13 333,3 МИЛЛИАРД ТЕНГЕ.**



ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС



Президент – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен Алматы облысында «Жағалау» оқу-жаттығу полигонында


«БАТЫЛ ТОЙТАРЫС-2023»

стратегиялық командалық-штабтық әскери оқу-жаттығу жиыны өтті.



Әскери-теңіз күштері авиацияның және Арнаулы операциялар күштерінің қолдауымен Каспий теңізі акваториясындағы экономикалық қызмет нысандарының қауіпсіздігін қамтамасыз етті. Алматы, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан және Абай облыстарындағы полигондарда да осындай оқу-жауынгерлік міндеттер орындалды.


БИЗНЕСТІ ҢЫТАЛАНДЫРУ



МАҢЫЗДЫ БАСТАМАЛАР



ХАЛЫҚТЫҢ ТҮРМЫС САПАСЫН АРТТЫРУ



ХАЛЫҚТЫҢ ТҮРМЫС САПАСЫН ЖАҚСARTУҒА БАСА МӘН БЕРІЛЕДІ

– Халықтың тұрмыс сапасын арттыру мәселесін Мемлекет басшысы ұдайы назарында ұстайды деп айтып қалдыңыз. Осы бағытта қандай шаралар атқарылды? Нақты нәтиже бар ма?

– Биылғы Президент Жолдауы «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» деп аталуы кездейсоқ емес. Бұл аса маңызды құжатта орта мерзімдегі экономикалық саясатымыз айқындалды, соның ішінде халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға баса мән берілді. Қасым-Жомарт Кемелұлының тапсырмасымен «Халықтың табысын арттырудың 2029 жылға дейінгі бағдарламасы» бекітілді. Осы бағдарламаның бір бағыты – бюджеттен қамтамасыз етілетін ұйым қызметкерлерінің еңбекақысын жүйелі түрде өсіру. Мәселен, мемлекеттік білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтердің еңбекақысы 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап жыл сайын 25 пайызға өсіп келеді. Осылайша биыл педагогтердің лауазымдық жалақысы 100 пайыз көбейді. Мектепке дейінгі білім беру мекемелері педагогтерінің де лауазымдық жалақысы 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап 30 пайызға өсті. Жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамының жалақысы 2023 жылы 26 пайызға артты. Студенттердің стипендиясы 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап 20 пайызға, магистранттар мен докторанттардың стипендиясы 15 пайызға көбейді.

Медицина қызметкерлерінің жалақысы да жыл сайын жоғарылап келеді. Атап айтқанда, дәрігерлердің еңбекақысы 30 пайызға, орта медициналық қызметкерлердің жалақысы 20 пайызға өсті. Сонымен қатар, 2025 жылға дейін мәдениет және мұрағат ұйымдары



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҰСЫНҒАН БАРЛЫҚ

қызметкерлерінің жалақысын арттыру жоспарланып отыр. Жалпы, бұл – өте ауқымды бағдарлама. Ауыл халқына 2,5% жеңілдікпен несие алып, кәсіп ашуға мүмкіндік беретін «Ауыл аманаты» бағдарламасы, сондай-ақ экономиканың нақты секторларында жұмыс орындарын көбейту, мемлекеттің әлеуметтік қолдау шаралары осы кешенді құжат аясында жүзеге асырылады.

– Ал отандық кәсіпкерлерді қолдауға қатысты қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

– Отандық кәсіпкерлікті дамыту мәселесі Президенттің айрықша назарында. Себебі, шағын және орта бизнес – ел экономикасының негізгі тірегі. Қасым-Жомарт Кемелұлы мемлекеттің кәсіпкерлерге барынша көмек көрсетуі қажет екенін ұдайы айтып келеді. Кәсіпкерлікті дамыту мақсатында бизнесті қатаң реттеуден оны проактивті ынталандыруға бағытталған жаңа нормативтік-құқықтық база қалыптасты. Нәтижесінде, кәсіпкерлік белсенділіктің үлесі 10 пайызға артты; әкімшілік жауапкершілікке тартылған бизнес өкілдерінің саны 50 пайызға азайды; мемлекеттің бизнес-процестерге араласу көрсеткіші төмендеді.

ПРЕЗИДЕНТ БАСТАМАЛАРЫ ДӘЙЕКТІ ТҮРДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА

– Мемлекет басшысы келелі жиындарда үнемі маңызды бастамалар көтереді. Соның ішінде биыл жүзеге асырылған бастамаларды атап өтесіз бе?

– Әрине, атап өтуге болады. Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамалары дәйекті түрде жүзеге асырылып жатқанына өздеріңіз де куә болдыңыздар деп ойлаймын. Айталық, жақында Біріккен Ұлттар Ұйымы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 2026 жылды Халықаралық волонтерлер жылы деп жариялады. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Ұлттық қор – балаларға» жобасымен ұштастыру мақсатында бес жастан асқан жеткіншектерге арналған «Келешек» атты бірыңғай ерікті жинақтау жүйесін енгізу мәселесі қолға алынды. Бала күтіміне жәрдемақы беру мерзімі 1 жылдан 1,5 жылға ұзартылды. «Ауылдағы денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасы жүзеге асырылып жатыр. Ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданды.

МАҢЫЗДЫ БАСТАМАЛАР

«БІР БЕЛДЕУ, БІР ЖОЛ» бастамасы аясында:

1

Ляньюньган портында қазақ-қытай логистика орталығы құрылды



2

«Қорғас» құрғақ порты іске қосылды



3

«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» транзиттік магистралі іске қосылды




4

Қытайдан Иранға апаратын жаңа теміржол дәлізі тартылды



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

БИЫЛ ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН
268 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ІС-ШАРА ӨТТІ



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының
1 ЕЛШІЛІГІН ЖӘНЕ 3 БАС КОНСУЛДЫҒЫН АШУ ТУРАЛЫ
шешім қабылдады



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

2023 жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар шет мемлекетке сапармен барды:



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

Президент шет мемлекеттердің басшыларымен бірге БАҚ өкілдеріне арналған 8 БРИФИНГ өткізді.



ПРЕЗИДЕНТ САПАРЛАРЫ: ЦИФРЛАР МЕН ФАКТІЛЕР

Мемлекет басшысы биыл шетелге және еліміздің өңірлеріне сапарлары кезінде

152 921 ШАҚЫРЫМ жол жүрді.

Қасым-Жомарт Кемелұлы сапарының

243 САҒАТ 46 МИНУТЫН ұшақта және тікұшақта өткізді.



Президент халықаралық жиындарда да елімізге пайдалы бастамалар көтеріп жүр. Байқасаңыз, Мемлекет басшысы еліміздің Орталық Азия аймағындағы көшбасшылығын сақтап, Қазақстанды сенімді транзиттік хаб ретінде дамыту мәселесіне баса мән береді. «Бір белдеу, бір жол» бастамасы аясында Ляньюньган портында қазақ-қытай логистика орталығы құрылды; «Қорғас» құрғақ порты іске қосылды; «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» транзиттік магистралі жұмыс істеп тұр; Қытайдан Иранға апаратын жаңа теміржол дәлізі тартылды. Бұған қоса, Достық – Мойынты, Бакты – Аягөз, Мактаарал – Дарбаза теміржол жобаларын жүзеге асыру қолға алынды. Сонымен қатар, Қытай тарапымен «Аягөз – Тачэн» теміржолы құрылысын жүргізу туралы меморандумға қол қойылды. Мемлекет басшысы ұсынған барлық бастама ел игілігіне қызмет етеді.

ШЕТЕЛДЕРГЕ 19 САПАР, 27 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМ МЕН САММИТ

– Енді халықаралық қатынастар саласына ойысасқ. Осы бағытта атқарылған жұмыстарды түйіндей кетсеңіз...

– Биыл еліміздің сыртқы саясатына қатысты жұмыстар өте белсенді жүргізілді. Жалпы, Президенттің қатысуымен көпжақты және екіжақты қарым-қатынастар аясында 268 іс-шара өтті. Оның ішінде Қасым-Жомарт Кемелұлы шетелдерге 19 рет сапар жасады. 27 халықаралық форум мен саммитке қатысты. Атап айтқанда, шет мемлекеттердің президенттерімен 30, шетел үкіметтері басшыларымен, халықаралық ұйымдардың жетекшілерімен, іскер топтар өкілдерімен 106 кездесу өткізілді. Мемлекет басшысының сапарлары шеңберінде 18 екіжақты құжатқа қол қойылды. Сонымен қатар, 27 мемлекеттің елшілерінен сенім грамоталарын қабылдады. 41 елдің басшыларымен телефон арқылы сөйлесті.

Теңгерімді және конструктивті сыртқы саясат еліміздің ұстанатын басты бағыты саналады. Осы орайда ұлттық мүддені қорғау, аймақтық және халықаралық қауіпсіздікті сақтау мәселесі



БАСТАМА ЕЛ ИГІЛІГІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ

басты назарда болды. Биыл Мемлекет басшысы Қазақстанның халықаралық беделін одан әрі арттыру мақсатында маңызды шешімдер қабылдады. Мысалы, Солтүстік Македонияда Қазақстан Республикасының елшілігін, сондай-ақ Қытайдың Сиань, Ресейдің Екатеринбург және Германияның Гамбург қалаларында Қазақстанның Бас консулдықтарын ашу туралы шешім қабылдады.

ПРЕЗИДЕНТ САПАРЛАРЫ: ЖЕР ШАРЫН ШАМАМЕН 4 РЕТ АЙНАЛЫП ШЫҚҚАНМЕН ТЕҢ

Қорыта айтқанда, Мемлекет басшысы осы жылы шетел сапарына 33, ал еліміздің өңірлерін аралауға 17 күнін арнады. Қасым-Жомарт Кемелұлы шетелге және еліміздің өңірлеріне сапарлары кезінде 152 921 шақырым жол жүріп, 243 сағат 46 минутын ұшақта және тікұшақта өткізді. Бұл Жер шарын шамамен 4 рет айналып шыққанмен тең.

ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ 53 237 ӨТІНІШІ ҚАРАЛДЫ

– Өзіңізге мәлім, ел азаматтары өздерін мазалаған сұрақтар жергілікті деңгейде шешілмесе, Президентке шағымданады. Жалпы, Мемлекет басшысы кері байланысқа қаншалықты мән береді?

– Президент Әкімшілігінде Өтініштерді қарауды бақылау бөлімі жұмыс істейді. Жалпы, әртүрлі мәселе бойынша өтініштер өте көп келеді. Осы жылы жеке және заңды тұлғалардың 53 237 өтініші қаралды. Олардың бәріне уақытылы әрі тиісті жауап берілді. Атап айтар болсақ, Президентке Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлқенов «Қазақстанның Халық жазушысы» атағын қайтару туралы ұсыныс жасады. Нәтижесінде биыл Республика күні қарсаңында араға 24 жыл салып, 6 жазушыға «Қазақстанның Халық жазушысы» атағы берілді.

Түркістанда 5 жасар бүлдіршін қыздың және Астана қаласында Салтанат Нүкенованың өліміне қатысты резонанс тудырған істерді жеке бақылауына алып, құқық органдарына нақты тапсырма жүктеді. Ішкі істер министрі Ержан Сәденовке, Бас прокурор Берік Асылқовқа, Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиевке әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық фактілерінің алдын алу керек екенін қатаң ескертті. Осы орайда айта кетейік, Президент 8 желтоқсанда «Адам құқықтары мен заң үстемдігі саласындағы іс-қимыл жоспары туралы» Жарлыққа қол қойды. Бұл жоспарда гендерлік теңдікті күшейтуге, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күреске, қылмыстық сот төрелігі саласында азаматтарды қорғауға, азаптау мен қатыгездіктің алдын алуға бағытталған жан-жақты шаралар қарастырылған. Президент Әділетті Қазақстанның іргесі сөз жүзінде емес, іс жүзінде, яғни нақты қадамдар арқылы беки түскенін қалайды әрі соған нақты жағдай жасайды.



Мемлекет басшысы Екібастұз қаласына жұмыс сапары кезінде қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Самат Рамазанов Президенттен «Шахтер» саябағын жөндеу туралы өтініш жасады. Қасым-Жомарт Кемелұлы жергілікті әкімдікке қаланы абаттандыру, одан да басқа мәселелерді шешу жөнінде тапсырма беретінін жеткізді. Осындай мысалдар көп. Мұның бәрі Президент айтқан «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының орындалып жатқанын көрсетеді.

ПРЕЗИДЕНТТІҢ INSTAGRAM ПАРАҚШАСЫНА 2,6 МИЛЛИОН ЖАЗЫЛУШЫ ТІРКЕЛГЕН

– Бұрын Мемлекет басшысының қызметін www.akorda.kz сайты ғана жариялап көрсететін еді. Қазіргі уақытта ресми Aqorda телеграм-арнасы өте белсенді жұмыс істеп жатыр. Ақпараттардың көбі осы арна арқылы таралуда. Сондай-ақ, Баспасөз қызметінің әлеуметтік желілердегі Facebook, X (Twitter), Instagram, TikTok парақшалары арқылы да мәлімет беріледі. Оған қоса Президенттің X (Twitter), Instagram әлеуметтік желілерінде парақшалары бар. Жалпы, осы бағыттағы жұмыстар туралы айтып өтсеңіз.

– Әрине, Мемлекет басшысының ресми www.akorda.kz сайты басты ақпарат көзі саналады. Президенттің қызметін халыққа жариялап көрсететін бұл ақпарат ресурсында биыл 977 материал, соның ішінде Президенттің түрлі іс-шараларда сөйлеген сөздері мен үндеулерінің мәтіні және Қазақстан халқына Жолдауы жарияланды.

Ал Aqorda телеграм-арнасы туралы айтар болсақ, заман талабы мен қазіргі аудиторияның әлеуметтік желіге жаппай бет бұруын ескере отырып, осындай арна ашу жөнінде 2022 жылдың



1 наурыз күні шешім қабылдаған едік. Содан бері Aqorda телеграм-арнасында 13931, соның ішінде биыл 8022 ақпарат жарияланды. Телеграм арнаға 44 428 оқырман жазылған.

Мемлекет басшысының X (Twitter) әлеуметтік желісіндегі парақшасы 2011 жылдан бері белсенді жұмыс істеп келеді. Бүгінде Президенттің X парақшасында 391 786 оқырман бар. Ал Instagram парақшасына 2,6 миллион жазылушы тіркелген.

Президент X (Twitter) парақшасы арқылы еліміздегі қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық, саяси мәселелерге немесе оқиғаларға қатысты жедел үн қатады. Уақыт үнемдеу тұрғысынан мұндай жұмыс стилі тиімді. Жалпы, Қасым-Жомарт Кемелұлы еліміздегі өзекті мәселелерге, қоғамда болып жатқан түрлі оқиғаларға қатысты биыл 56 твит жариялады. Ал инстаграмда 63 жазба жарық көрді.

– «Президент бұқаралық ақпарат құралдарына сұхбатты сирек береді» деген пікір бар. Әріптестеріміз тарапынан осыған қатысты сын да айтылып жатады. Мемлекет басшысының кеңесшісі әрі Баспасөз хатшысы ретінде бұған қалай жауап берер едіңіз?

– Шынымды айтайын, мұндай пікірмен келісе алмаймын. Президенттің жұмыс кестесінің қаншалықты тығыз екенін осы әңгімеміздің барысында келтірген деректер мен ақпараттардан анық аңғаруға болады. Қасым-Жомарт Кемелұлы шет мемлекеттердің басшыларымен жүргізілген келіссөздер қорытындысы бойынша 8 брифинг өткізді.

Оған қоса, жыл басынан бері шетелдік және отандық бұқаралық ақпарат құралдарына 4 рет, соның ішінде соңғы екі айда «Известия» басылымына және Euronews телеарнасына сұхбат берді. Мемлекет басшысының 3 мақаласы жарық көрді. Орайлы сәтті пайдалана отырып айта кетейін, Қазақстан Президенті келесі жылы қаңтар айының басында республикалық басылымдардың біріне еліміздің ішкі-сыртқы саясатын толық қамтитын көлемді сұхбат беруді жоспарлап отыр.

– Президент Жаңа жылды қайда, қалай қарсы алады?

– Мемлекет басшысы өзінің туған күнін де атап өтпейтінін білесіздер. Биыл мерейлі жасы болса да, Қытайда мемлекеттік сапармен жүрді. Ал Жаңа жылды Қасым-Жомарт Кемелұлы да бәріміз сияқты өзінің үйінде, дастарқан басында әулетімен бірге қарсы алады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Қысқартылып берілді. Жарияланымның толық нұсқасын almaty-akshamy.kz сайтынан оқи аласыздар. Дереккөз: «Қазақпарат» – «Kazinform» халықаралық ақпарат агенттігі; Фото/инфографикалар: www.akorda.kz).



ҚОРШАҒАН ОРТА

«БАУМ» ТОҒАЙЫ
жанданады

Алматының «Баум» тоғайындағы ағаштарды қалпына келтіру жұмыстарына байланысты арнайы баспасөз туры ұйымдастырылды. Мамандар мегаполистің әйгілі тоғайын қалпына келтіру жұмыстарының барысы туралы баяндады.

Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасының мамандары мен сараптамалық қоғамдастық өкілдері баспасөз турдың барысында «Баум» тоғайындағы орманды қалпына келтіру және апатты ағаштарды жоспарлы түрде іріктеп, санитарлық кесу бойынша

жүргізіліп жатқан жұмыстардың барысы туралы айтып берді.

2021 жылы «Медеу» МӨТП табиғи экожүйелердің қазіргі экологиялық жай-күйін бағалау және олардың тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін ұсынымдар әзірлеу бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізді, оған төрт ғылыми-зерттеу институты қатысты – Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, «Зоология институты» ШЖҚ РМК, «Қазэкопроект» ЖШС, «Ботаника және фитоинтродукция институты» ШЖҚ РМК.

Ғалымдардың зерттеулері нәтижесінде жасыл кеңістікті түгелдеу, Баум тоғайының фаунасын зерттеу, топырақты зерделеу, табиғи ескерткіштің тұрақты дамуын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар



әзірленді. Зерттеу нәтижелері бойынша Баум тоғайы ағаштарының түрлік құрамы, негізгі зиянкестер мен «ауру» ағаштар анықталды, шіріген, қураған апатты ағаштардың 6560 данасы және құлағалы тұрған ағаштардың 1713 данасы тіркелді. Ағаштардың құлауы мен қурауы олардың «аурулары» мен жас мөлшеріне, мерзіміне байланысты.

Ғалымдар Баум тоғайында ағаштарға залал келтіретін зиянкестерді де анықтады. Олар: қарағаш шегірткесі (Cyboasca bipunctata), шегіртшін шегірткесі (Edwardsiana plebeja orientalis), қарағаш көбелегі (Exaeretia ulmi), қараған жалған қалқаны (Parthenolecanium corni Bouche), көктерек қоңызы (Saperda populnea), Калифорния қоңызы (Quadraspidiotus perniciosus Com-

stock), Шығыс жеміс жемірі (Grapholitha molesta Busck). Бұл зиянкестер жаппай көбейген кезде онсыз да әлсіреген тоғай екпелеріне айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін. Аурулардың ішінде діңнің шірігі, емен ұнтақты зеңі (Microsphaera alphitoides) және терек жапырағының тоты (Mela-nospora larici populina) жиі кездеседі.

Мамандардың айтуынша, «Баум» тоғайындағы көптеген ағаштар зиянкестер мен аурулардың көп таралуына себепші болады, бұл жас екпелерге қауіп төндірмек. Мұндай ағаштар жел соққанда, жаңбыр, қар жауғанда, өз салмағын көтере алмай, морт сынады, құлайды, бұл келушілер үшін де қауіпті болмақ.

Орман шаруашылығы саласындағы зерттеуші мамандардың сөзіне сүйенсек, көптеген қажетті шараларды қолға алу керек. Әсіресе, тоғайдың келешегі үшін ғалымдар ұсынған тәжірибелерді ескерген жөн. Сонда ғана қолға алған жұмыстардан нәтиже шықпақ. Бұл жайында бірқатар тың ұсыныстар айтылды. Ең бастысы, тоғайды, ондағы ағаштардың жағдайын арнайы бақылауға алу қажет. Осы мақсаттағы барлық пікірлер мен ұсыныстар талқыланып, жүйеленді. Бұл ретте орман шаруашылығын зерттеуші Светлана Вячеславовнаның мына бір тұжырымы көкейге қонады: «Егер ағаштардан бір-біріне ауру жұқса, «ауру» ағаш кесілетіні анық. Дегенмен, кесілген ағаштың орнына дереу жаңа көшет егуге болмайды. Әуелі сол жерді қопсытып, тазарту жұмыстарын жасаған жөн. Әйтпесе, нашар топыраққа сіңген аура келесі ағашқа сінеді. Бәрімізге белгілі, «қарағаш» талы бар. Шыққан жері Қытай. Оның бірнеше түрі бар. Жергілікті жерге бейімделген. Қалайда тоғай ағаштарын шұғыл емдеп, оңалту керек. Бұлар да адам сияқты жаны бар әлем. Қалай күтіп баптаусыз, солай пайдасын береді», – деп түйіндеді маман.

Олжас
МҰРАТБЕКҰЛЫ.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Серік ӘДІЛБАЕВ,
Алматы қаласы
Экология және қоршаған орта
басқармасының басшысы:

Санитарлық кесу
жұмыстары 2026 жылға
дейін жүргізіледі

Ағымдағы жылы ҒЗИ қызметкерлері «Медеу» МӨТП-нің күшімен және сарапшыларымен бірлесе отырып, орманды одан әрі қалпына келтіру жұмыстарын жүргізіп, апаттық, қурап қалған, аурудан зардап шеккен ағаштарды жоспарлы іріктеп, санитарлық кесу жұмыстарын бастаған еді. Бүгінгі таңда «Баум» тоғайында 1663 апатты ағаш кесілді, іріктеу арқылы санитарлық кесу жұмыстарын 2026 жылға дейін жүргізу жоспарлануда. Ағымдағы жылы басқарма ағаштардың санитарлық жағдайын дәл анықтау үшін заманауи диагностикалық аппараттар – резистографтар мен томографтар сатып алды, олар апатты, ауру ағаштарды кесу, жасыл желекті зиянкестерден, аурулардан қорғау үшін пайдаланылады.

Толқын НҰРӘБІЛОВ,
«Медеу» саябағы директорының м.а.:

Жұмыстар кезең-кезеңмен атқарылады

Үстіміздегі жылдың шілде айынан бастап құлаған, зақымданған ағаштарды тазаладық. Бұл жұмыстар кезең-кезеңмен атқарылатын болады. 2026 жылға дейін осындай шаруалар жасал-

мақ. Тоғай аумағы 137.7 гектарды құрайды. Ішінде 69 бөлік бар. Жағдайы төмен, ағаштарды қалпына келтіріп, оңалту жұмыстарын қолға алып жатырмыз.

Талғат КЕРТЕШОВ,
Қазақ ұлттық зерттеу аграрлық университетінің
орман ресурстары кафедрасының профессоры:

Тоғайға жанашырлық пен қамқорлық қажет

Бұл табиғат ескерткіші болғандықтан ғылыми-зерттеулердің негізінде ғана әрекет еткен абзал. Мұндағы ағаштарды жас тал, орта жастағы, әбден пісіп-жетілген ағаштар деп бөледі. Негізінен, 5 бөлікке бөлінеді. 54%-ы аса күтімді, жаңғыртуды қажет етеді. Сонымен бірге, ағаштардың арасында да жұкпалы ауру-сырқауы бар, жағдайы өте нашар ағаштар

да болады. Егер сырттай жалпылама қарайтын болсақ, бұл жер демалыс орны болып есептелуі керек. Осыған қазіргі санитарлық жағдайы сай келмей тұр. 3%-ы – апаттық жағдайда, 7%-ы – құрғап-кепкен, 12%-ы – қурай бастаған ағаштар деп іріктелді. Демек, осы көрсеткіштен-ақ тоғайдың жанашырлық пен қамқорлықты қажет ететінін аңғаруға болады.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«КОНТРАБАС»

Өтетін орны:
М.Әуезов атындағы
Қазақ ұлттық драма
театры.
Күні мен уақыты:
29 желтоқсан, сағат
18.30.

«КІШКЕНТАЙ
СИҚЫРШЫ»

Өтетін орны:
«Жас сахна» театры.
Күні мен уақыты:
30 желтоқсан, сағат
11.00.

АЯЗ АТАНЫҢ
СИҚЫРЛЫ ЦИРКИ

Өтетін орны:
Ғ.Мүсірепов атындағы
Қазақ мемлекеттік
академиялық балалар мен
жасөспірімдер театры.
Күні мен уақыты:
30 желтоқсан, сағат 12.00.





WORLD SKILLS ЧЕМПИОНАТЫ

ЖҮЛДЕГЕРЛЕР

ақшалай сыйлықтармен марапатталды

Алматыда WorldSkills қозғалысын дамытудың қорытындысы шығарылды. Осы ретте Алматы әкімдігі WorldSkills чемпионатының жүлдегерлерін ақшалай сыйлықтармен марапаттады. «VIII WorldSkills Kazakhstan-2023» республикалық чемпионатының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін, Алматы қаласы құрама командасының өкілдерін құттықтады.



Ернұр
РЫСБАЙ

Болашақ жас мамандарды ынталандыру және қолдау мақсатында, сондай-ақ колледж студенттерінің республикалық деңгейдегі жетістіктерін ескере отырып, Алматы қаласының әкімдігі 9 жеңімпазды ақшалай сыйлықтармен марапаттады: «Құрғақ құрылыс және сылақ жұмыстары», «Прототиптеу», «Кіші сыныптарда оқыту», «Электроника» атты 4 құзыреттілік бойынша 1-орын алғандарға 200 мың теңгеден, «Сантехника және жылыту» құзыреттілігі бойынша 2-орын алғандарға 150 мың теңгеден, «Дәнекерлеу технологиялары», «Желілік және жүйелік әкімшіліктендіру», «Мобильді робототехника», «Визуалды мерчандайзинг және витринистика» 4 құзыреті бойынша 3-орын алғандарға 100 мың теңгеден ақшалай сыйлықтар берілді.

Еске салсақ, 23–25 қараша аралығында Астана қаласындағы «ЭКСПО» халықаралық көрме орталығының алаңында WorldSkills Almaty 2023 өңірлік чемпионатының жеңімпаздары WorldSkills Kazakhstan 2023 республикалық чемпионатына қатысты.

Алматы қаласының құрамасында 30 құзыреттілік бойынша 32 қатысушы бол-

ды. Чемпионат қорытындысы бойынша Алматы құрамасы еліміздің 20 өңірі арасында жалпы медальдық есеп бойынша 2-орынды иеленді. Құраманың қоржынын-

да – 4 алтын, 1 күміс және 4 қола медаль. Жалпы медальдық есепте Алматы құрылыс-техникалық колледжінің студенттері үздік болып, құрғақ құрылыс, сәндік жұмыстар және дәнекерлеу технологиялары бойынша жоғары шеберлік деңгейін көрсете отырып, барлық медальдарды жеңіп алды. Алматы мемлекеттік политехникалық колледжінің қатысушылары модельдер жасау, серверлік жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді баптау бойынша кәсіби шеберліктерін көрсетті. Орталық Азия техникалық-экономикалық

колледжінің қатысушылары электронды схеманы құру, құрастыру және бағдарламалау бойынша үздік болды. «Бастауыш сыныптарда оқыту» құзыретіне қатысқан №2 Алматы мемлекеттік гуманитарлық-педагогикалық колледжінің студенттері педагогикалық шеберлік дағдылары бойынша алтын медальды жеңіп алды. Көрнекі сауда ережелерін қолдану, тауарларды тиімді орналастыру, құралдар мен технологияларды ұтымды қолдану бойынша Алматы сервистік қызмет көрсету колледжінің білім алушылары қола медальды иеленді.

Байқауға қатысушылардың чемпионатта жоғары жеңістерге жетуіне ұзақ уақыт бойы қатысушыларды іріктеген және даярлаған сарапшы-компатиоттардың ықпалы зор болды.

«WSA сарапшылар қауымдастығына, конкурстық алаңдарды жоғары деңгейде ұйымдастырған қала колледждері мен олардың әлеуметтік серіктестеріне, республикалық чемпионаттың қорытындысы бойынша жүлделі орындарға ие болған жеңімпаздарға, соңғы іріктеу туынан өткен және 2024 жылғы 10–15 қыркүйек аралығында Францияның Лион қаласында өтетін WorldSkills халықаралық чемпионатына қатысатындарға зор ризашылығымды білдіремін. Балаларымызға сәттілік тілейміз!», – деді Алматы қаласы білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаева.

Айта кетерлігі, 2023 жылы Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен 200 адам Түркия, Қытай, Финляндия, Германия, Италия, Швейцария, Франция, Бразилия, Эстонияның оқу орталықтарында халықаралық тағылымдамадан өтіп, WorldSkills халықаралық стандарттары аясында жаңа практикалық дағдыларды игерді.



НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?



«АЙДАҒАРДЫ
ҚОЛҒА ҮЙРЕТУ»

Өтетін орны:
«Сезам» театры.
Күні мен уақыты:
30 желтоқсан, сағат 10.30
және 13.00.



ЖАРҚЫРА,
ЖАҢА ЖЫЛ!

Өтетін орны:
Мемлекеттік
куыршақ театры.
Күні мен уақыты:
30 желтоқсан, сағат
16.00.



«ЩЕЛКУНЧИК»

Өтетін орны:
Абай атындағы Қазақ
ұлттық опера және
балет театры.
Күні мен уақыты:
30 желтоқсан, сағат
12.00 және 18.00.

Әзірлеген
Нұр ЖАМАЛ.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

БАС ЖОСПАР

МЕГАПОЛИСТІҢ БЕС АЙМАҒЫ

Шаһарда «Солтүстік», «Батыс», «Оңтүстік-батыс», «Шығыс қақпасы» мен «Тарихи орталық» сынды 5 жаңа полиорталық пайда болады

Кеше Алматыда 2030 жылға дейінгі қаланың көлік қаңқасы шебер-жоспарының тұсаукесері өтті. Жиынға қала әкімінің орынбасары Асқар Әмрин, қалалық мәслихаттың депутаттары, сарапшылар қатысты. Бұл жоба қала әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен әзірленген. «АлматыБасжоспар» ҒЗИ мамандарының айтуынша, көлік қаңқасы қоғамдық көлік желісімен біріктіріле отырып, 5 жаңа полиорталық құруды көздейді.

2030 жылға қарай 5 полиорталық құрылады

Қаламен шекаралас жерге үш ірі көлік-көлік ауыстыру торабы (КАТ) салынады: «Барлық» КАТ, Құлжа трактісіндегі «Восточный» КАТ пен «Север» ауданына қарайтын Гейт-Сити КАТ. Бұл облыстан қалаға қатынайтын азаматтардың өз көлігін арнайы автотұраққа қалдырып, ары қарай қоғамдық көлікке отырып кетуіне мүмкіндік береді. Мұндай әдіс қала ішіндегі автожолдағы жүктемені айтарлықтай азайтар еді.

Полиорталық дегеніміз – бұл алматылықтар мен қала қонақтары үшін, тіпті бизнес өкілдері үшін ыңғайлы қоғамдық әрі іскерлік белсенділік орталығы. «Алматы қаласын 2025 жылға дейін дамыту бағдарламасы мен 2030 жылға дейінгі негізгі басымдықтар» құжатына сәйкес мегаполис екі жылдың ішінде бес арнайы аймаққа бөлінеді. Яғни бір орталықтың орнына «Солтүстік», «Батыс», «Оңтүстік-батыс», «Шығыс қақпасы» мен «Тарихи орталық» сынды бес орталық пайда болады. Болжам бойынша, қала халқының басым бөлігі осы аймақтарда тұрады.

Атап айтар болсақ, «Солтүстік» полиорталығы – жоба бойынша «Алматы-1» теміржол стансасына іргелес аумақта орналасады. Бұл аймақтан өндіріс пен базарларды алып тастау ұсынылды. Бұл аймақтың бір бөлігі рекреация мен көгалдандыру (УАК бойы, «Баум» тоғайы) үшін пайдаланылады. Бұдан өзге, полиорталықта қызмет көрсету саласын дамыту көзделген. «Шығыс қақпасы» полиорталығы Талғар және Құлжа тракттері аумағында құрылады әрі әуежай ауданындағы логистикалық хаб пен көрме-ойын-сауық орнына айналады. Мұнда Алматының логистикалық хабы орналасады, LRT (жерүсті метросы) станциясы, BRT (жүрдек автобус көлігі) желісі салынады. «Батыс» полиорталығын Саин мен Рысқұлов даңғылдарының қиылысынан солтүстік-батысқа қарай дамыту жоспарланған. Оның аумағында индустриялық кәсіпорындар, көлік-логистикалық хаб орналасады.

«Оңтүстік-батыс» полиорталығы Райымбек даңғылы мен ұзаратын Алатау көшесінің қиылысында орналасады. Бұл жерде шағын-өнеркәсіптік парктер, сауда

және логистика объектілерін орналастыру жоспарлануда. Сондай-ақ, ол агроөнеркәсіптік өңдеу объектілерімен, сауда-логистикалық кешендермен және өкімшілік-іскерлік орталықтармен толығады. «Батыс» полиорталығы – жаңа «Алматы-3» теміржол вокзалы мен Боралдай кентіндегі көлік хабының ауданында орналасады. Мұнда барлық қажетті инфрақұрылым, соның ішінде «Сақ қорғандары» этнографиялық паркінің айналасында жүргізіледі. Ауданы 90 гектар болатын желілік рекреациялық саябақ, жаңа көпсалалы аурухана кешені, үстел теннисі орталығы және т.б. салу жоспарланған.

«Тарихи орталық» – Медеу ауданының бөлігі, Байтұрсынов көшелерінің шекарасындағы «алтын шаршы алаңы» бар – Абай – Зенков – Жібек жолы даңғылы. Мұнда өнеркәсіптік кәсіпорындар болмайды әрі тарихи-мәдени маңызы бар ғимараттар қалпына келтіріледі. Аталған полиорталықты абаттандыру жалғасады, веложолдар мен веложолдар, көптеген тұрақ орындары және т.б. пайда болады.

Жоспар әлемдік тәжірибеге сүйеніп жасалды

Жиында Алматы қаласы әкімінің орынбасары Асқар Әмрин «Адам қала үшін емес, қала адам үшін» қағидаты бойынша үйлесімді жол-көлік кешенін салу маңызды екенін атап өтті.

– Жүйелі шаралар қабылдау мақсатында биылғы жылдың мамыр айында Алматы қаласының 2040 жылға дейінгі Бас жоспарын бекіттік. Бас жоспарда Алматының қалалық мобильділігін жақсарту бойынша бірқатар іс-шаралар, оның ішінде қаланың көлік қаңқасын әзірлеу көзделген. Шебер-жоспардың мақсаты – Алматының қалалық мобильділігін арттыру және 2030 жылға дейін қоғамдық көлікті пайдалануды 64%-ға арттыру. Бұл көрсеткіштің өсуінің негізгі драйвері халықтың жеке көліктен қоғамдық көлікке ауысу болуға тиіс, – деді Асқар Әмрин.

Бұл ретте Бас жоспарға сәйкес қалалық Мобильділік басқармасының мамандары, сарапшылар сын-қатерлердің ішінде жеке автокөліктің жоғары үлесін, сонымен қатар, қоғамдық көліктің тартымдылығын

қамтамасыз ету үшін көше-жол желісін ұзартып, түзету қажеттігін атап өтті. Айта кету керек, көлік қаңқасын енгізу 2024 жылы бөлінген көлік желісін құрудан және Райымбек даңғылын абаттандырудан басталады.

Құжатты әзірлеу кезінде Сеул, Сингапур, Париж және әлемнің басқа қалаларының үлгісі бойынша аялдамалармен қамту, аялдамалардың арасы жаяу баратындай жақын орналасуы, автобустың қозғалыс кестесінің сақталуы, автобус паркінің тұрақтылығы зерттелді.

Шебер-жоспар авторларының жүргізген зерттеуіне сәйкес, Алматыда халықтың 39 пайызы аялдамадан 500 м радиуста тұрады екен. Ал Парижде бұл көрсеткіш 98%. Аялдамалардың трафикті тарту орындарынан қашықтығы автобус қатынасының тартымдылығын төмендетеді. Райымбек даңғылының солтүстігіндегі аудандар метроға немесе т.б. қоғамдық көлік қатынайтын жерден қашықтау орналасқан. Мұның шешімі ретінде метро желісін қаланың батыс шекарасына дейін ұзарту, халықты аялдамалармен толық қамтуды, көліктің экологиялық тазалығын 90–100%-ға дейін қамтамасыз ету, аялдамада күту уақытын қосқанда, жолаушыларды ауысып міну уақытын 2–8 минутқа дейін қысқарту және т.б. жоспарланған.

Жүрдек пойыздар

Жаңа LRT жеңіл рельсеті трамвай жүйесінің бірінші бөлігін 2027 жылға дейін салу жоспарланған. Ол Момышұлы, Төле би көшелерімен және Райымбек даңғылымен қаланың шығыс шекарасына дейінгі аумақты қамтиды.

Бұл туралы 2030 жылға дейінгі қаланың көлік қаңқасының шебер-жоспарын таныстыру шарасы барысында жобаны әзірлеуге атсалысқан Александр Ованесов айтты.

«Көлік қаңқасы BRT, LRT және метро сияқты жоғары жылдамдықты қоғамдық көліктердің дамуына негізделген. 2030 жылға қарай қалада ұзындығы шамамен 300 км болатын 42 көлік дәлізі құрылады. Қаланың қалған бөліктеріне тұрғындарға 10–15 минут ішінде жақын маңдағы жедел көлік аялдамасына жетуге мүмкіндік беретін тасымалдау маршруттарын іске қосу жоспарланған», – деді Александр Ованесов. Оның айтуынша, қолданыстағы метро желісі Алматының батыс шекарасына дейін тартылған.

Көлік қаңқасының инфрақұрылымын құруға 5 жылдан 7 жылға дейін уақыт қажет және Алматының қоғамдық көлігін жүйелі трансформациялау элементтерінің бірі болады. Мысалы, БРТ жылжымалы құрамының бағалау паркі (автобустар, электробустар, троллейбустар) 3.9 мың бірлік. Жолаушылар инфрақұрылымын қолданыстағы 1208 аялдамадан

1245 аялдамаға дейін кеңейту көзделіп отыр. Инфрақұрылымды салумен қатар, қала қоғамдық көліктің ыңғайлылығы мен қолжетімділігін арттыру бойынша ұйымдастырушылық шараларды да енгізеді.

Келесі жылы жол ақысын төлеудің көп нұсқасын (біржолғы билеттер, абонементтер), соның ішінде сапар аясында бір бағыттан екінші бағытқа тегін ауысу мүмкіндігін қамтитын жаңа тариф әзірленіп, енгізіледі. Сонымен қатар, автобус маршруттарын оңтайландырып, олардың тұрақты әрі жиі қозғалысын қамтамасыз ету жоспарланған.

Қаржы жағынан тиімді

«АлматыБасжоспар» шебер-жоспарын әзірлеушілер мен кешенді көлік жобаларын іске асыру саласындағы сарапшылар зерттеу барысында анықталған қоғамдық көліктің негізгі мәселелерін айтып, оларды шешу бойынша ұсыныстар әзірледі. Мониторинг нәтижелері көрсеткендей, қоғамдық көлік салыстырмалы қаржылық қолжетімділікке қарамастан, алматылықтар арасында танымал емес. Мұның бір себебі қарбалас уақытта автобустар мен троллейбустардың жолаушыларға толып кетуі. Бұл ретте Алматыда қоғамдық көлікте жүруге арналған ай сайынғы шығынның үлесі жалақының 2%-ы. Зерттеу көрсеткендей, автобустармен, троллейбустармен және метромен жүру 4 шақырымнан астам жолға шыққанда жеке көлікке қарағанда қаржылық жағынан тиімдірек.

Қолданыстағы мәселелерді шешу үшін BRT, LRT және метро сияқты жедел қоғамдық көлікті дамыту ұсынылады. Бұл қаланың тұрғын аудандарының төрттен үш бөлігін қамтуға мүмкіндік береді. Қаланың қалған бөліктеріне тұрғындарға 10–15 минут ішінде жақын маңдағы жедел көлік аялдамасына жетуге мүмкіндік беретін тасымалдау маршруттарын іске қосу жоспарланып отыр. Көлік қаңқасын енгізу 2024 жылы Райымбек даңғылын абаттандыру және арнайы көлік желісін құрудан басталады.

Алматының көлік қаңқасы орталық бөлігінде ұзындығы 168 шақырым 28 дәлізден және шеткі бөлігінде 186 шақырым 30 дәлізден тұратын дамыған көлік инфрақұрылымынан тұрады. Көлік қаңқасының моделін жүзеге асыруға инфрақұрылымдық өзгерістер қажет. Осылайша бірыңғай желіні дамыту үшін көшелерді ішінара ұзарту, дәліздерді кеңейту, учаскелерді байланыстыру керек болады. Қаланың орталық бөлігінде жұмыстар 19 шақырым жолға, шеткі бөлігінде – 54 шақырым жолға жоспарланған, оның 47 шақырымы Бас жоспарда көзделген.

Бетті әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ,
Мәншүк БЕКБОСЫН.



БІЗДІҢ ҚАЛАНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ

Әкім ТҰРСЫНОВ,
мәслихат депутаты:

ҚАЗАҚ ТІЛІ

өркендеуі үшін, ол – ғылымның, бизнестің,
медиафераның тіліне айналуы керек...



«Алматы ақшамының» «Біздің қала-ның тұрғындары» айдарының бүгінгі қонағы – Алматы қалалық Мәслихатының депутаты, «SERPIN» Білім және инновация ұлттық палатасының директоры Әкім Тұрсынов. Кейіпкеріміздің есімі алып мегаполис тұрғындарына, көзіқарақты оқырмандарымызға жақсы таныс. Өзі халық қалаулысы, іскер әрі білікті басшы. Азаматтық белсенділігі мен жауапкершілігі бір төбе. Аманатқа адал. Еліміздің ертеңі мен ару қаламыз – Алматының келешегі үшін бар күш-қайратымен, жастық жігерімен еңбек етіп жүрген азамат әсіресе өз замандастары арасында көшбасшыға айналған танымал тұлға.

гер. Көп адамдар «атқарып жатқан жұмыстарың жайында неге жазбайсындар?» деп жатады. Жазу үшін де қолға алған жұмыс бітуі керек емес пе? Оған дейін оның процестері бар. Кейбір жұмыстар бір айға созылса, кей мәселе бір-екі күнде шешіліп жатады. Кейде жүйелі жұмыс жасалу үшін жылдар бойы тынымсыз еңбек ету керек болады. Өйткені, ол қаланың қабылдайтын мәселесі емес, министрлікке қатысты болуы мүмкін. Кейде тіпті заң шығарушы Парламентте кейбір заңдарды өзгертіп, толықтырулар енгізу керек мәселе болады. Осыдан келіп процестер ұзаққа созылып кетеді.

– **Әділетті Қазақстан бағдары аясында әлеуметтік салада қандай жұмыстар атқарылды?**

– Қазақстан әділетті болу үшін, еліміздің барлық азаматтары саяси сауатты болуы керек. Саяси сауаттылық дегеніміз – билікті сынау емес. Мәселен, бір ғана қарапайым мысал келтірейінші. Адамның жеке басының құқығын қорғау бойынша тұтынушылар құқығын қорғау, басқа да мықты заңдар бар. Бірақ бізде сол заңды пайдаланбай, айналып өтетін жағдайлар көп кездесіп жатады. Содан келіп, қоғамда әділетсіздіктер орын алады. Әділетті Қазақстан деп бастадық па, оны құру үшін сіз де, біз де жауапты болуымыз керек. Заң шеңберінде жұмыс істеп, өз құқығыңды талап етсең, өзіміз сол заңды бұзбасак, сонда ғана Әділетті Қазақстан орнайды.

Сөздің шыны керек, әдетте көбіне бір нәрсені жеңіл жолмен бітіре салуға бейімбіз. Қоғамда көп нәрсеге көзжұмбайлықпен қарау әдетке айналған. Жалпы, Әділетті Қазақстан қаңтар оқиғасынан кейін қолға алынды. Осынау уақыт ішінде көптеген жұмыстар атқарылды. Дегенмен, әлі де атқарылуға тиіс жұмыстар бар. Мысалы, бір ғана білім саласын алайықшы, елімізде «Жайлы мектеп» атты ерекше ұлттық жоба қолға алынды. Қазір осы жоба аясында еліміздің түкпір-түкпірінде төрт жүзге жуық мектептің құрылысы басталып та кетті. Оның ішінде Алматы қаласы бойынша да осы жоба аясында көптеген мектептер пайдалануға берілді.

– **Бүгінгі жастарымыздың бойындағы ана тілімізге деген сүйіспеншілік сүйсіндіреді. Әсіресе, олар қоғамдық орындарда, басқа да мінберлерде қазақ тілінде өз ойларын анық жеткізіп жататыны қуантады. Сондай жастардың бірі ретінде мемлекеттік тілге деген көзқарасыңызды қалай тұжырымдар едіңіз...**

– Иә, бұл жерде «битке өкпелеп, тоныңды өртемейсің» ғой. Бұл ең алдымен әрқайсымыздың өзімізге байланысты дүние. Өз ортаңызда ана тілінде сөйлеп, қойылған сауалға қазақша жауап қайтарып жүрсеңіз, бұл да тілдің көсегесінің көгеруіне қосқан үлесіміз болар еді.

Мемлекет басшысының Қазақ тілін дамыту жөніндегі тапсырмасын орындау – әрбір мемлекеттік қызметкердің міндеті. Қазақ тілін дамыту қорына қаржы бөлініп жатыр. Барлық іс-шараларды, депутат ретіндегі кездесуімді ана тілінде жүргізіп, келіп түскен сауалдардың барлығына бірыңғай ана тілінде жауап беремін. Сосын, комиссияның отырысында, сессияның отырысы болсын, ана тілінде сөйлеймін.

Күні кеше Оксфордтың ағылшын-қазақ тілінде шыққан сөздігі шықты. Жақсы қадамдар жасалып жатыр. Бар мәселе оның орындалуында болып отыр. Қазақ тілі дамып, өркендеу үшін, ол – ғылымның, бизнестің, медиафераның тіліне айналуы керек. Оның барлығы тұтынушылар бірдей талап еткенде ғана нәтижелі болмақ. Және бұл мәселені бір-екі адам шеше алмайды. Барлығымыз бірігіп, жұмыла көтергенде ғана шешілетін дүние. Жалпы, тіл мәселесіне осылай жүйелі түрде келгеніміз жөн дер едім...

– **Дәл қазір қандай жұмыспен айналысып жүрсіз?**

– Алматы балабақшаларындағы орын жетіспеушілігі мәселесі. Бұл мәселе депутаттық мандат жолындағы сайлауалды бағдарламаның өзегі болған. Өзекті мәселені сессияда да көтердік. Бұл өзіңізге де белгілі жағдай. Әсіресе, қаланың

орталық аудандарында балабақша мәселесі әлі де өткір қалпында қалып отыр. Осы мәселені шешу үшін Алмалы, Бостандық аудандарындағы тұрғын үй кешендерінің 1, 2-қабатынан балабақша ашу туралы мәселе көтерген едік. Әрине, әртүрлі пікірлер болды. Бірақ одан қорықпау керек. Барлық құжат санитарлық талаптарға сай болады. Тұрғын үй кешені тұрғындары ертеңгісін балаларын балабақшаға апарып, өздері жұмыстарына кетеді. Кешкісін балаларын балабақшадан алып, пәтерлеріне оралады. Егер балабақша ашылып жатса, сол үйдің балаларымен-ақ толар еді. Тек осы мәселе төңірегінде екі рет арнайы комиссияның отырысы болды. Бірінші отырыста тұрақты комиссияға Respublica партиясының депутаттары ретінде бастама жасап, барлық білім бөлімдерінің өкілдерін жинадық. Сосын көп кешікпей, Құрылыс, Төтенше жағдайлар басқармаларының басын қосып, тағы да жиын өткіздік. Артынша бұл бастаманы сессияда көтерген едік. Қазір осы мәселе төңірегінде жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Менің негізгі мамандығым – дәрігер. Хирург-проктологпын. Жеке кабинетте қабылдаймын. Бұған дейін қаладағы емханалардың бірінде еңбек еткен едім. 15 мыңға жуық халық тіркелген еді. Сол жұмысты екі жылға жуық жүргізіп, қоғамдық жұмыстан қолым босамай кеткен соң, өткізуге тура келді. Бұдан басқа Оқу-ағарту министрлігінің қоғамдық кеңесінің мүшесімін. Оның ішінде нормативті-құқықтық актілерді қабылдау комитетінің төрағасымын. Сонымен қатар, 2020 жылдан бері Тоғызқұмалақ ойынының Алматы қаласы бойынша Федерацияның президенті ретінде жұмыс істеп келдім. Тек соңғы төрт айдан бері республикалық тоғызқұмалақ федерациясының вице-президентімін. Қазір республикалық тоғызқұмалақ федерациясының президенті, белгіліі қоғам қайраткері Әлихан Бәйменов. Сол кісінің орынбасары ретінде тоғызқұмалақты республикалық, халықаралық деңгейде дамытуға барынша күш салып жатырмыз. Дәл қазір, бүкіл еліміз бойынша Respublica партиясы ұлттық тоғызқұмалақ ойынын қолдап, әр аймақтағы филиалдардың президенттері, сол жердің партия филиалдарының басшылары әлеуметтік жауапкершілікті өз мойындарына алып, қоғамдық негізде жұмыс жасап жатыр. Келесі жылы елімізде V Көшпенділер ойыны өтеді. Президентіміз тікелей қолдау білдіріп отырған спорттық бәсекеге 100-ге жуық мемлекет келеді деп отырмыз. Сол елдердің 50-інен келетін спортшылар тоғызқұмалақ ойнайды. Көшпенділер ойыны аясында өтетін 20 ойынның 3-еуі интеллектуалды, яғни тоғызқұмалақ түріктің мангала ойыны мен батыс Африканың авари ойыны. Бұл ойындардың өтуіне біздің тоғызқұмалақ федерациясы жауапты. Келесі жылы өткелі отырған Көшпенділер ойынына жауапты арнайы дирекция құрылып, меморандумға қол қойдық.

– **Байқауымша, Сізге бос уақыт болмайтын сияқты. Ара-тұра қолыңыз бос кезде немен айналысасыз?**

– 2017 жылдан бері қоғамдық жұмыстармен айналысқалы менде бос уақыт бола бермейді. Жасап жатқан жұмысымының 80 пайызы қоғамдық негізде болғандықтан шыны керек, бос уақыт болмайды. Бірақ мен оған қуанбасам, өкінбеймін. Өйткені, жасалып жатқан жұмыстардың барлығы еліміздің ертеңі, жастардың келешегі үшін жасалып жатыр емес пе. Отбасыма үш ұл, бір қызым бар. Уақыт болып жатса, балаларыма көңіл бөлуге, сосын ауылға, ата-анама барып қайтуға тырысамын. Ол кісілерді тек жылдың басында ғана көрдім. Медицина саласында ассоциациямыз бар, сол бойынша денсаулық саласына қатысты нормативті-құқықтық құжаттармен айналысамын, білім саласына байланысты да «SERPIN» Ассоциациясының басшысы ретінде қоғамдық жұмыстарым көп. Сондықтан көп уақытым бола бермейді.

– **Тоғызқұмалаққа қызыққаныңызға қарағанда, спортпен шұғылданатын сияқтысыз...**

– Спортқа жақынмын деп айта алмаймын. Бала күнімнен көптеген спорт түріне қатысып көрдім. Мәселен, асық ойнасам, ұтылып қала беретінмін. Ләңгі ойнап, ләкәшті де ойнадым. Аздап волейбол да ойнап көрдім. Дзюдоға да қатысып байқадым. Спортқа қанша көңіл бөлсем де, шыны сол, икемім келе бермейді. Оны мойындаймын. Сіз тоғызқұмалаққа белсенділік танытып жатқаныма қарап, сұрап отырған боларсыз. Тоғызқұмалақ дегеніңіз интеллектуалды спорт түрі. Тіпті, шахматтан да күрделі. Бұл – мидың жаттығуы. Бекзат спорт түрінің бірі. Осы ойынмен шұғылданған баланың ойлау жүйесі, есте сақтау, ептілік, икемділік сияқты қасиеті жақсы дамитын болады.

– **Жаңа жыл есік қағып тұр. Мерейлі мерекеде «Алматы ақшамы» ұжымына, газет оқырмандарына қандай тілек айтар едіңіз?**

– Ойлы оқырмандарыңыз көп болсын! «Ақшамдықтарға» шығармашылық шабыт, тың тақырыптар тілеймін!



Сұхбаттасқан
Рая ЕСКЕНДІР.



2023: ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТ

Үкімет жұмысының негізгі басымдықтарының бірі

Елімізде автомобиль, теміржол, әуе және теңіз салаларын қамтитын бірқатар ірі көлік жобалары жүзеге асырылуда. 2023 жылдың 11 айында Қазақстан аумағы арқылы жүк тасымалдаудың жалпы көлемі 895 млн тоннаны құрады, бұл 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 3,9%-ға артық. Оның ішінде транзиттің үлесі 29 млн тоннадан асып, 21%-ға өсті. Салаға тартылған инвестиция көлемі 1,6 есеге өсіп, 1,8 трлн теңгеге дейін жетті.



көлік қозғалысы ашылды. Батыс Қазақстан облысындағы ұзындығы 245 шақырымды құрайтын «Казталовка–Жәнібек» және «Өнеге–Бисен–Сайхын» жолдарын күрделі жөндеуден өткізуге ерекше көңіл бөлінді. Қазіргі уақытта 220 шақырым бойынша жол қозғалысы қамтамасыз етілген. Жалпы аталған жолдардағы жұмыстар 2024 жылы толық аяқталады деп күтілуде.

• 2024–2030 жылдар аралығында жалпы ұзындығы 9 мың шақырымнан асатын бірқатар басым жол жобаларын жүзеге асыру жоспарланған. Оның 4,7 мың шақырымы республикалық желіде, 4,5 мың шақырымы облыстық маңызы бар жолдарда.



Теміржол:

Алматы торабындағы жаңа құрылыс

Биыл теміржол көлігі саласында бірнеше ірі мегажоба жүзеге асырыла бастады. Атап айтқанда, қарашада Алматы торабын айналып өтетін (74 км) және Дарбаза–Мақтаарал (152 км) теміржол желілерінің құрылысы басталды. Біріншісі жүктерді жеткізу мерзімін 24 сағатқа қысқартып, Алматы теміржол торабын 40%-ға жеңілдетсе, екіншісі Орталық Азия бағытында өткізу қабілетін 10 млн тоннаға арттырады. Бұдан бөлек, желтоқсанда ұзындығы 272 шақырым болатын Бақты–Аягөз теміржол желісінің құрылысы басталды. Бұл жобаны жүзеге асыру Қазақстан мен Қытай арасындағы жүк айналымын қосымша 20 млн тоннаға арттыруға мүмкіндік береді. Жалпы, алдағы үш жылда республикада 1300 шақырымнан астам жаңа теміржол салынбақ.

2023 жылы 133 локомотив сатып алынды, бұл қазақстандық локомотивтер паркін 6%-ға жаңартып, тозу деңгейін 52%-ға дейін төмендетеді. Халыққа көрсетілер қызмет сапасын жақсарту үшін 856 жолаушылар вагоны сатып алынды. Биыл оның 100 вагоны қолданыстағы бағыттарға қатынай бастады. Нәтижесінде парктің тозуы 47%-дан 45%-ға дейін төмендеді.

Автомобиль жолдары:

Үлкен Алматы айналма автожолы ашылды

Биылғы жылы жөндеу-құрылыс жұмыстары республикалық және жергілікті маңызы бар 10,7 мың шақырым автомобиль жолдарын қамтыды. Бұл мақсаттарға 753 млрд теңге қарастырылған, бұл былтырмен салыстырғанда, 14%-ға артық. Үш ірі жоба аяқталды: ҰАААЖ, «Қандыағаш–Мақат» және «Үшарал–Достық».

• 2023 жылдың маусымында ресми түрде Үлкен Алматы айналма автожолындағы (ҰАААЖ) қозғалыс ашылды. Автожол жеке инвестиция есебінен салынды.

Сонымен қатар, құрылысы ұзаққа созылған 6 жоба бойынша, яғни «Талдықорған–Өскемен», «Қарағанды–Алматы», «Меркі–Бурылбайтал», «Ақтөбе–Қандыағаш» және «Атырау–Астрахан» бағыттарында жұмыстар қарқынды жүргізілді. Олардың бойында елдімекендерді айналып өтетін жолдардан басқа 923 шақырымға

Теңіз инфрақұрылымы:

Маңызды жобалар



Еліміздің теңіз инфрақұрылымын дамыту үшін бірқатар маңызды жобалар пысықталуда.

Ақтау портында контейнерлік хаб құру, айлақтарды реконструкциялау, сондай-ақ жүк тиеу жабдықтарын жаңарту жоспарлануда. Құрық портында Abu Dhabi Ports компаниясымен бірлескен астық терминалы іске қосылды.

Теңіздегі қауіпсіздікті арттыру үшін 2024–2025 жылдары Ақтау және Құрық порттарының акваторияларында тереңдету жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Жалпы, бұл жобалардың барлығын жүзеге асыру Қазақстан теңіз порттарының өткізу қабілетін 10 млн тоннаға, оның ішінде контейнерлік қуаттылықты жылына 300 мың ЖФБ-ға дейін арттыруға мүмкіндік бермек.

• 2023 жылдың қарашасында халықаралық теңіз сауда портына жаңа танкерлер жеткізілді. Олар Каспий теңізінде қазақстандық мұнай тасымалында қолданылады. Танкерлер жетекші басқару жүйесімен, жоғары техникалық сипаттамаға және заманауи жабдықтармен жабдықталған.

Ішкі су көлігін дамыту күшейтілді. Атап айтқанда, трансшекаралық Ертіс өзенінің транзиттік әлеуетін арттырып, Ресей–Қазақстан–Қытай жаңа дәлізін құру жоспарлануда. Әңгіме Семей қаласында жаңа жүк тасымалы шлюзі, Тұғыл ауылындағы өзен порты және Қытай шекарасына дейін теміржол салу туралы болып отыр. Трансшекаралық Ертіс өзенінің транзиттік мүмкіндіктерін дамыту жүк тасымалдау көлемін қазіргі 1,5 млн тоннадан 3,5 млн тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Әуе жолдары:

Алматы әуежайы

9 млн жолаушыға қызмет көрсетті



(Фотодреккөз: Tengrinews.kz)

2023 жылы отандық авиакомпаниялар тасымалдаған жолаушылар саны шамамен 13 млн адам, болжамды өсім – 23%. Ел әуежайларында қызмет көрсетілген жолаушылар саны 25 млн-нан астам адамға жетеді деп күтілуде, бұл көрсеткіш былтырғы сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 22%-ға артық.

Қазақстандық авиакомпаниялардың әуе кемелері паркі 89-дан 98 бірлікке, ал орын саны 12 мыңнан 15 мыңға дейін (+26%) өсті. Мұның барлығы рейстердің тұрақтылығын және жалпы әуе қатынасының қолжетімділігін арттырады.

• Әуежайларда қызмет көрсету көлемі 25%-ға артып, 24 млн жолаушыны құрады. Айтарлықтай өсім Алматы және Астана әуежайларында байқалады, оларда биыл тиісінше рекордтық 9 млн және 7 млн жолаушыға қызмет көрсетілді.

• Алдағы жылдың маусым айында Алматы (наурызда – Шымкент, мамырда – Қызылорда) қалаларындағы әуежайларда жаңа жолаушылар терминалдарының құрылысы аяқталады. Аталған жұмыстарға 150 млрд теңгеден астам жеке инвестиция тартылды. Жобаларды жүзеге асыру нәтижесінде Алматы қаласы әуежайының өткізу қабілеті 5 есе, Қызылорда әуежайының 6 есе және Шымкенттікі 7 есе ұлғаятын болады.

Бүгінде Қазақстан 28 елмен халықаралық әуе қатынасын орнатқан. Аптасына 110 бағыт бойынша 4 қазақстандық және 30 шетелдік әуе тасымалдаушылары арқылы 567 рейс орындалады. Биыл 23 бағыт бойынша 13 елге рейстер ашылып, жаңғыртылды, олардың ішінде Лахор, Маскат, Манама, Дели, Шарм-аль-Шейх, Бейжің, Сиань, Үрімші, Самарканд, Баку, Тбилиси, Кутанси, Бішкек, Анкара, Ханчжоу және Джидда бағыттары бар.

• Оңтүстік-Шығыс Азиядағы ең ірі лоукостер AirAsia компаниясымен жұмыс жасалып, нәтижесінде әуе компаниясы 2024 жылдың наурыз айынан бастап Алматы мен Құала-Лумпур арасында тікелей әуе рейсі ашылатынын хабарлады.

Транскаспий халықаралық көлік бағыты:

Экспорттық-импорттық және транзиттік тасымалдар ұлғаяды



(Фотодреккөз: egemen.kz)

Қазақстан Транскаспий халықаралық көлік бағытының өз бөлігін дамыту бойынша жұмыс жүргізуде. 2023 жылдың қазан айында Қазақстан, Әзербайжан және Грузияның теміржол әкімшіліктері логистикалық қызметтердің бірыңғай операторын құру туралы құрылтай құжаттарына қол қойды. Бұдан бөлек, елдер Түркиямен бір уақытта бағыттағы «талапқа сай келмейтін» жерлерді жоюға күш салуда.

Биыл қазанда Қытаймен ТХКБ дамыту туралы келісімдерге қол қойылды, олар экспорттық-импорттық және транзиттік тасымалдарды ұлғайтуды, ҚХР-ға порттық инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыруға көмек көрсетуді, ТХКБ бойындағы мультимодальды тасымалды дамытуды және т.б. көздейді. Ақтау және Құрық порттарына жүктерді автомобильмен жеткізу уақытын қысқарту үшін ұзындығы 515 шақырым болатын республикалық маңызы бар «Шалқар-Бейнеу» автожолын салу жоспарланған. Қазіргі уақытта техникалық-экономикалық негіздеме әзірленуде.

• Логистикалық қызметті жақсарту мақсатында ТХКБ арқылы өтетін тасымалдар үшін «бір терезе» құру мәселесі пысықталуда. Цифрлық көлік дәлізін толық іске қосу 2024 жылға жоспарланған.



«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: primeminister.kz).



ЖҰРТШЫЛЫҚПЕН ЖҮЗДЕСУ

ҚАЗАҚ ТУРИЗМІНІҢ КҮРЕТАМЫРЫ

Алматы – туристер үшін ең тартымды аймақтың бірі

Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев Алматы қаласының тұрғындарымен есеп беру кездесуін өткізді.

Айнабай
МӘДИ

Жиынға қала тұрғындары, қоғам белсенділері, БАҚ, жергілікті спорт федерациялары мен туризмен айналысатын кәсіпкерлер, қаланың атакты спортшылары мен сала мамандары қатысты. Министр Е.Маржықпаев министрліктің қазіргі қызметі, туризм және спорт саласындағы реформалар, лудоманияға қарсы күрес шаралары мен ведомствоның алдағы жоспары жөнінде баяндап берді. Биыл Алматыдағы «Алатау», «Зерделі» мен «Жас қанат» ықшамаудандарында 3 дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы аяқталды. Сондай-ақ, «Ақжар», «Шұғыла», «Саялы» ықшамаудандары мен «Авиатор» стадионында тағы 4 дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің, «Нұркент» ықшамауданында 5000 орынды жеңіл атлетика манежінің жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу басталды. Сонымен қатар, Орталық стадион мен биік таулы «Медеу» спорт кешені жаңғыртылады.

Жалпы, болашақта, 2025 жылға дейін 9 дене шынықтыру-сауықтыру кешенін, 3 мұз айдынын, жеңіл атлетика манежі мен гимнастикаға арналған манеж салу жоспарланған. Осы шаралардың барлығы спорт алаңдарын 100 мың шаршы метрге дейін ұлғайтуға, сондай-ақ тәулігіне 10 мың адамға дейін қамтуға мүмкіндік береді. Мемлекет басшысының тапсырмасына сай, өскелең ұрпақтың спорттық әлеуетін дамытуға басымдық беріледі. «Алматы – дүниежүзілік додаларда ел мерейін асырған даңқты спортшылар мекені. Бұл қалада Бақыт Сәрсекбаев, Александр Парыгин, Бақтияр Ибраев, Ольга Шишигина, Денис Тен, Дмитрий Баладин, Жансая Әбдімәлік пен «Қайрат» футбол клубы спортшылары сияқты спорт саңлақтары тұрғанын, тұратынын атап өтуге болады. Жалпы алғанда, Алматы қаласы



Суретті түсірген Саят КҮС АЙЫНОВ

спортшыларының әлеуеті зор. Қазіргі таңда ұлттық құрамада 1200-ге жуық алматылық спортшы бар. Бұл – негізгі құрамның басым бөлігін құрайды. Сәйкесінше, еліміздің тәуелсіздік жылдарында Алматы Олимпиадаға қатысқан 56 спортшыны дайындап шығарған. Сонымен қатар, биылғы республикалық жазғы Спартакиадада Алматы қаласы жалпыкомандалық есепте 1-орынға ие болды. Команда қоржынында 84 алтын, 71 күміс, 74 қола бар. Қытайдағы Азия ойындарында Алматы қаласының спортшылары 1 алтын, 3 күміс және 9 қола жүлде жеңіп алды», – деп айрықша атап айтты министр Е.Маржықпаев.

Алматы – жергілікті туристер үшін ғана емес, шетелдік қонақтар үшін де еліміздегі ең танымал туристік қалалардың бірі. Осыған байланысты Туризм және спорт министрлігі әуе қатынасының географиясын кеңейтуде. Жаңа рейстерді іске қосуда жұмыстар жүргізілуде. Мысалы, 2024 жылдың наурыз айынан бастап «Air Asia» әуе компаниясы Куала-Лумпур мен Алматы арасында аптасына 4 рейс жиілігімен, сондай-ақ Алматы-Джидда бағытында 2 рет жиілікпен тікелей траектория жолдаушылар рейсін іске қосуға ниетті.

«Біз еліміздің қолда бар орасан зор туристік мүмкіндігін толық пайдалануымыз керек. Бүгінде қазақ туризмінің күретамырына айналған Алматы шаһары – туристер үшін ең тартымды аймақтың

бірі. Біз инфрақұрылымды дамыту мен осы саладағы кәсіпкерлерге мемлекеттік қолдаудың барлық мүмкін шарасын көрсетуді жалғастырамыз. Жыл қорытындысында осы шараларды іске асыруда оң өзгеріс байқалады. Елімізде 800 млн теңгеден астам сомаға кәсіпкерлердің (туристік нысандар, жол бойындағы қызмет көрсету нысандарын салуға, тау шаңғысы курорттарына арналған техника, туристобустар сатып алуға) өтінімдері мақұлданды. Бұл – өткен жылмен салыстырғанда, 7 есе көп», – деді Е.Маржықпаев.

Алматыда 2023 жылы Qazaq Auy1 («Қазақ ауылы») мейрамхана кешені (16 үй), Grand Mill-dot қонақ үйі (72 бөлме) және Medeu camp балалар лагері бар эко-қонақүй құрылысы аяқталды. 6 нысанның құрылысы жүргізілуде: Parkside Living апарт-қонақүйі, Medeu Park Hotel қонақ үй кешені, «Кимасар» қонақ үйі. Түркісіб ауданының Қалдаяқов көшесіндегі 3 қонақүй мен Park Dedeman Almaty қонақүйінің құрылысы 2024 жылы аяқталады деп жоспарланған. Есеп беру кездесуінен кейін министр жеке қабылдау өткізді. Онда азаматтардың сұрақтарына жауап беріп, олардың көкейіндегі мәселелерін, ұсыныстарын тыңдады. Париждегі Олимпиадалық ойындарға қатысты біздің тараптан қойылған сауалға министр Ермек Маржықпаев былай деп жауап қайырды:

«Париждегі Олимпиадалық ойындарға дайындық – біздің қысқа мерзімді мақсатымыз. Тура жеті ай қалды, бізге көбірек лицензия ұтып алу керек. Бас жаттықтырушылар мен федерацияларды тыңдау қорытындысынан соң Парижде арнайы спортшыларды дайындау мен оларды жетістікке жеткізу жолында міндет-мақсат қойылды. Мәселені түбегейлі шешу үшін спорт саласындағы жетекші мамандарды тарта келе, ҰОК пен спорт федерациялары арасында сапалы жұмыс жүргізу үшін Жедел штаб құрылуда. Бүгінгі таңда спорттың 8 түрінен (садақ ату, велоспорт, ату, заманауи бексейс, грек-рим күресі, еркін күрес, көркем гимнастика және бокс) 17 лицензиямыз бар. Олимпиада ойындарына дейін 89 лицензиялық жарыс қалды (4 әлем чемпионаты, 6 Азия чемпионаты, 12 әлемдік, 7 азиялық және 60 рейтингтік турнир). Көптеген лицензияны ұтып алу мүмкіндігі бар».



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімі
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
+7 747 617 17 37 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
alatauqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 28 412

Кезекші редактор –
Досбол АТАЖАН

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.

БАСПАСӨЗ – 2024

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ! «Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы почтамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)

1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 6 айға – 3216,72 теңге, 11 айға – 5897,32 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)

1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 6 айға – 4416,72 теңге, 11 айға – 8097,32 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 6 айға – 2016,72 теңге, 11 айға – 3697,32 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде рәсімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Алматы ақшамы» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

2023: ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Туризм және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен елордадағы Президенттік орталықта 2023 жылдың қорытындысы бойынша үздік танылған спортшыларды салтанатты марапаттау іс-шарасы өтті. Жыл сайынғы дәстүрлі іс-шара барысында ел абыройын асқақтатып, жеңіс тұғырынан көрінген спортшылар, спорт саласына елеулі үлес қосқан сала мамандары 18 аталым бойынша марапатталады. Жиын барысында Алматы «Үздік спорт аймағы» атанды.



жылғы көрсеткіш бойынша 40,5%-ды құрайды. Биыл жалпы қалада 2500-ден астам спорттық-бұқаралық іс-шаралар өткізілді. Оның ішінде 300 мыңнан астам адам қамтылған 35 ірі халықаралық іс-шаралар ұйымдастырылды.

Олар: Алматы марафоны, веложарыстар, семсерлесуден Азия чемпионаты, армрестлингтен әлем чемпионаты, дзюдодан Бекет Махмұтовты еске алған Азия Кубогы, Alatau Run–2023 үш пән бойынша тау жарысы, қалалық және экстремалды спорт түрлері бойынша жыл сайынғы фестивалі, Almaty City Games 2023 жалпықалалық спорт ойындары, FIBA 3x3 Asia Zone Qualification, эстетикалық гимнастикадан әлем чемпионаты, каратэ және каратэ киокушинкайдан Азия чемпионаты, түрлі спорт түрлерінен ҚР чемпионаттары.

Салтанатты жиында жыл қорытындысы бойынша «Үздік» деп танылған өзге де спортшылар, спорт саласының қызметкерлері мен спорттық мекемелер мыналар болды: Нүркен Рахманқұл – «Жылдың үздік ауыл жаттықтырушысы», Кенжеғали Бекқұлов – «Ауылдық жердегі үздік дене шынықтыру және спорт әдіскері», Рауан Қазезов – «Ауылдық жердегі үздік дене шынықтыру және спорт нұсқаушысы»; Бұқар жырау ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі – «Аудандық үздік дене шынықтыру және спорт бөлімі», Исхар Курбаев – «Жас және жасөспірімдер құрамындағы спортшы», Виктория Волкова – «Жылдың үздік балалар жаттықтырушысы», Наталья Сухачева – «Дене шынықтыру және спорт саласындағы үздік маман», Берік Қонысбеков – «Үздік спорт дәрігері», Мөлдір Жаңбырбай, Милад Карими, Руслан Құрбанов – «Жылдың үздік нәтижелері», Қазақстандық спорттық ату федерациясы – «Жылдың үздік аккредиттелген спорт федерациясы», Тимур Турлов – «Жылдың үздік аккредиттелген спорт федерациясының президенті», Әділет Бөрменқұлов – «Жылдың үздік спорт менеджері», Мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған «Үміт» спорт клубы – «Жылдың үздік спорт ұйымы», Сергей Шабалин (Руслан Құрбановтың жаттықтырушысы) – «Жылдың үздік жаттықтырушысы», Махмұд Сабырхан – «Жылдың үздік спортшысы», Ербол Хамитов – «Жылдың үздік пара спортшысы», Самат Қанағатов, Жандос Бұсұрманов, Ербол Қайыров – «Үздік спорт журналисі».

АЛМАТЫ ҮЗДІК АТАНДЫ

Мегаполис еліміздің ең мықты спорттық өңірі болып танылды



Досбол
АТАЖАН

Салтанатты жиынға ҚР Парламентінің депутаттары, Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлері және биылғы әлем біріншіліктері мен халықаралық жарыстарда жүлде алған спортшылар, спорт журналистері қатысты. Жиында сөз алған Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев биыл ел спорты үшін сәтті жыл болғанын айтып, жерлестеріміз халықаралық ареналарда жарқын жеңістерге қол жеткізгеніне ерекше тоқталып, іс-шарада үздік деп танылған спортшыларды құттықтады.

«Бүгін біз биылғы жұмыстарымызды қорытындылау және үздік спортшыларды құрметтеу үшін арнайы жиналып отырмыз. Биыл ел спортында айтулы жеңістер аз болған жоқ. Жалпы, спорт саласы елімізде қарқынды дамып келеді. Спорттың барлық

түрі бойынша отандық спортшылар жан-күйлерді өз жетістіктерімен әрдайым қуантып жүр. Ұлттық құрама спортшылары жыл басынан бері 1400 халықаралық жарысқа қатысып, 864 медаль жеңіп алды. Оның ішінде 291 алтын, 262 күміс және 311 қола медаль. Әлем чемпионаттарында 68 алтын медаль, Азия чемпионаттарынан 47 алтын жүлде, Азия ойындарынан 10 алтын олжалады. Мемлекет басшысы ел тәуелсіздігі тарихында алғаш рет Азия ойындарының жүлдегерлерін қабылдап, марапаттағанын ерекше атап өткім келеді», – деді Ермек Маржықпаев.

«Үздік» марапатының басты аталымдарының бірі – «Үздік спорт аймағы» марапатын Алматы қаласы жыл ішіндегі жетістіктерінің арқасында жеңіп алды. Ал «Жылдың үздік серпілісі» номинациясында Алматы қаласы спорт басқармасының «Мамандандырылған жоғары шеберлік мектебі» МКҚК спорт мектебінің тәрбие-

ленушісі Ризабек Айтмұхан марапатталды. Ол Сербияның Белград қаласында өткен әлем чемпионатында жеңіске жетіп, еркін күрестен Қазақстаннан шыққан тұңғыш әлем чемпионы атанған болатын. Жылдың «Үздік нәтиже» номинациясының жеңімпазы – алматылық гимнаст Милад Карими болды. Ол 2023 жылдың ішінде Азия чемпионатында, Дүниежүзілік жазғы Универсиадада, Әлем Кубогының кезеңінде алтын жүлде жеңіп, Париж–2024 жазғы Олимпиадасының лицензиясын алды.

Сондай-ақ, Алматы бокс, гимнастика, спорттық гимнастика, байдарка, таэквондо, грек-рим, еркін және әйелдер күресі және басқа да спорт түрлері бойынша жыл ішінде өткен ҚР VI жазғы спартакиадасында 1-орынды иеленді. Айта кеткен жөн, Алматыда денешынықтыру және спортпен шұғылдануға арналған 3703 спорт ғимараты бар. Халықтың 1000 адамға спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі 2023

МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

АЯЗ АТАЛАР ШЕРУІ

Алматыда Аяз аталар шеруі өтті. Ертегі әлемінің кейіпкерлері қаланың орталық көшелерімен жүріп өтіп, мегаполис тұрғындары мен қонақтарын келе жатқан жаңа 2024 жылмен құттықтады.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Басты жаңажылдық шырыша орнатылған Абай алаңынан бастап, шеру Достық даңғылымен Қабанбай батыр көшесіне дейін, содан кейін батыс бағытта Панфилов көшесіне дейін жүріп, «Астана» алаңына барды. Маршруттың соңғы нүктесі бекер таңдалмаған, дәл осы жерде 31 желтоқсанда басты жаңажылдық концерт өтеді, содан кейін жаңажылдық отпашу болды.

«Біз балаларға жақсы көңіл күй мен ұмытылмас эмоция сыйлай алғанымызға қуаныштымыз. Қала тұрғындары мен қонақтары шеруге қатысушылармен суретке түсіп, сұрақтарға жауап беріп, өлеңдер айтып, сыйлықтар, тәттілер алды. 60 адамнан тұратын Аяз ата шеруін біз екінші

жыл қатарынан өткізіп келеміз және бұл жаңа жыл қарсаңында жақсы дәстүрге айналып отыр», – деді Алматы қаласы Мәдениет басқармасының өкілдері.

Айта кетейік, 21 желтоқсанның бері Абай атындағы алаңда және Астана алаңында күн сайын белгілі әртістердің, live-бэндтер мен диджейлердің қатысуымен концерттер, түрлі балалар байқаулары, аниматорлармен ойындар мен интерактивтер өткізіліп келеді. 27–31 желтоқсан аралығында Жаңажылдық Кысқы фестиваль аясында қаланың әр ауданында концерттер ұйымдастырылады, онда Кенжебек Жанәбілов, Мөлдір Әуелбекова, Өмірқұл Айниязов, Әлішер Қонысбаев, Райым Уайс, Абай Бегей, Асхат Тарғын, Altair&Abbi, Нұрмұхаммед Жакып, Мұхтар Ханзада, Нұрсұлтан Нұрбердиев, Ақбота Нұр, Жандос Қаржаубай, Жігер Ауыпбаев, Серік Ибрагимов, Алтынбек Тәшімбетов және т.б. өнер майталмандары өз өнерлерін көрсетуде.

Аталмыш шеруге ондаған «Аяз ата» қатысты. Олар іс-шараның шырайын келтірді. Би билеп, өз өнерлерін көрсетті. Қала тұрғындарының көңіл күйін көтерді. Жаңажылдық өнерлерін ортаға салды. Орайлы сәтті пайдаланып, мерекелік кешке қатысушылардың пікірін білген едік.

«Жаңа жылдың символы ол Аяз ата мен Ақшақар. Жылдағы дәстүр бойынша жаңа жылды қарсы алып, ескі жылды шығарып салып жатырмыз. Алдағы келе жатқан жыл табысты, мерекелі, берекелі болсын, ешқандай келеңсіздік болмасын. Әрдайым бейбіт-



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

шілік, мошшылық болсын. Толағай табыстар, үлкен жақсылықтар орын алса екен. Соған тілектеспіз. Біздің ісіміздің өзі жұртқа жағымды көңіл күй сыйлау. Негізгі адамдар көңілді болса, соғұрлым жақсылық мол болары анық», – деді өнерпаз Алмас Қожаев.

«Аяз ата» шеруіне келген жұрттың көңіл күйін шат-шадыман қуанышын, жарқын көңілдерін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Жаңажылдық сәтті әркім асыға күтері анық. Әсіресе, жас балалар барынша шаттанып жүр. Сондықтан алматылықтардың да әсерін білген

едік. «Біз жыл сайын жаңажылдық кештерді қалт жібермеуге тырысамыз. Барыныша қатысып, қала шырайын келтірген шырышалар, әсем безендірілген ойыншықтар арасында суретке түсеміз. Жылдағы дәстүрге сәйкес немерелерімді алып келіп, Аяз ата мен Ақшақармен суретке түсеміз. Өз балаларым үлкейіп, ер жетті».

Сол себепті, жаңа жылға әбден үйренісіп қалғанбыз. Алдағы жыл толағай табысқа толы болсын», – деді қала тұрғыны Әнипа Әбсәметова.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ



EUR/KZT 502,39 теңге



USD/KZT 456,22 теңге



RUB/KZT 4,99 теңге



CNY/KZT 63,84 теңге